



КЕЛІСЕМІН:

Қосымша білім беру педагогі: Ж.Сейтенов



«Сөз мергені» үйірме жұмысы
Пәні: Қазақ тілі
Пән мұғалімі: Жұмахмет .Н
Сағат саны: 34, аптасына 1 сағат

2024 - 2025 оқу жылы

Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1. «Тілден артық қасиет жоқ, тілден артық қазына жоқ» Фонетика бөлімін қайталау.	1	04.09
2. Ата мұраң – асыл қазынаң. Жалғау түрлері. Көптік жалғау.	1	11.09
3. Мақал – мәтел – сөз маржаны. Жіктік жалғау.	1	18.09
4. 101 жұмбақ 1001 мәтел. Септік жалғау.	1	25.09
5. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тәуелдік жалғау. Қайталау.	2	02.10 09.10
6. Отаным – орманым, мәңгілік қорғаным. Сөйлем мүшелері.	1	16.10
7. «Тіл туралы» Заңның негізгі баптары. Бастауыш, баяндауыш.	1	23.10
8. Қазақ халқының ұлттық тағамдары. Анықтауыш, пысықтауыш.	1	06.11
9. Қуырдақ, бесбармақ. Толықтауыш. Қайталау.	2	13.11 20.11
10. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. Зат есім.	1	27.11
11. Азан шақыру салты. Етістік.	1	04.12
12. Қазақ халқының ұлттық ойындары. Сын есім.	1	11.12
13. Көкпар, бәйге. Есімдік.	1	18.12
14. Қазақ халқының мерекелері. Үстеу	1	25.12
15. Рамазан айы, құрбан айт. Жай сөйлем	1	08.01
16. Желтоқсан желі. Құрмалас сөйлем.	1	15.01
17. Желтоқсан құрбандары-Қайрат, Ербол, Сабира, Ләззәт. Құрмалас сөйлемнің түрлері.	1	22.01
18. ҚР тұңғыш Президенті. Синтаксис. Қайталау.	2	29.01 05.02
19. Поэзия әлемі.	2	12.02 19.02
20. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Абай өлеңдері	2	26.02 05.03
21. Даланың дауылпаз ақыны. Махамбет поэзиясы.	2	12.03 19.03
22. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы. Шәкәрім поэзиясы.	2	02.04 09.04
23. Ақиық ақын. Мұқағали поэзиясы	2	16.04 23.04

24. Оралхан Бөкей	2	30.04
		14.05
25 Қайталау..	1	21.05

Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектептің 2024-2025 оқу жылындағы үйірмеге қатысатын 7 «В» сынып оқушылары

[illegible]

[illegible]

Тілдік.

**Ж.Жабаев атындағы №234 мектептің 2024-2025 оқу жылындағы 7“В”
сынып оқушылары туралы мәлімет**

Р/с	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы,жылы	ЖСН	Мекен-жайы
1.	Аманбаев Қылышбай	28.04.2012	120428505055	Достық №17
2.	Бауыржанқызы Диана	06.12.2012	121206605106	Қазалы мөлтек №251
3.	Байдилдаева Наз	13.01.2012	120131605651	Пірімов №12
4.	Барлық Аруна	30.07.2012	120730605003	Жанкожа №83/5
5.	Бауыржан Ильяс	19.10.2011	111019505320	Дәулеткерей №83
6.	Жасұланқызы Айда	08.05.2012	120508604830	Әбілхайыр №109/2
7.	Қайрат Нұрайлым	26.12.2012	121226604274	Сәтбаев№175
8.	Серік Бекзат	07.01.2012	120107504973	Сейфуллин№200
9.	Нағашыбай Маржан	13.09.2011	110913604950	Жалдыбай жырау №9
10.	Оңғарбек Досжан	22.08.2012	120822504623	Бегім ана №4
11.	Сейфулмалик Бекзат	16.05.2012	120516505579	Түктібаев №50
12.	Смайлова Жасмин	27.08.2012	120827604697	Жанкожа№107/7
13.	Тәжібек Бекәділ	30.06.2012	120630505579	Достық №42
14.	Темірбек Нұршат	24.05.2012	120524504811	Сейфуллин №166
15.	Ербол Бексұлтан	06.12.2011	111206504259	Бегім Ана №12
16.	Сайлау Дамир	29.04.2012	120429503758	Бегім Ана №48
17.	Бексұлтанов Бағдаулет	01.03.2012	120301505084	Әбілхайырхан №121/1
18.	Жантұрған Нұрсұлтан	22.01.2011	110122505119	Сайн №31

Барлығы	Қызы	Ұлы
18	6	12

Сынып жетекшісі:

Жұмахмет Нұргүл

тілдік.

I нұсқа

1.Баяғыда таудың қиясын мекендеген бір ерекше қасиетті ана қыран өмір сүріпті. Өзгелерге өрлігімен өнеге болған әлгі бүркіт бір жылы өмірінде бірінші рет үш балапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаттары қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда бүркіт үш балапанын уысына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты. Ұшып келе жатып ол, өзіндік өмірге қанат қаққалы тұрған балапандарынан соңғы рет сынақ алып, былай деп сұрапты: - Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мәпелеп бағып-қаққанымды жақсы білесіңдер. Ертең өскесін, осының өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсыңдар?

2.Біріншісі айтыпты:

- Анашым, сенің ақ сүтінді ақтау үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Мен сені өмір бойы қанатыма мінгізіп алып жүрем. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралатам, таңғажайып тамашаларды көзіңмен көретін боласың. Бүркіт басын шайқап, уысындағы балапанын теңізге тастап жіберіпті. Бірінші балапан теңіз тұңғышына батып кете барыпты. Сосын екіншісіне бұрылып: - Ал сен не айтасың, - депті.

3.Екіншісі айтыпты:

- Анашым, мен сені ел аралатып, босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметтері мен қызықтарын алдыңа әкеліп берем, ішкенің алдында, ішпегенің артында болады.

Бүркіт тағы да басын шайқап, уысын жазып жібергенде, екінші балапан да біріншінің соңынан кете барыпты. Бүркіт үшінші балапанына бұрылып, жарықшақ толы дауыспен былай депті: - Ал, сен мені қалай жарылқамақсың?

4.Сонда үшінші балапан былай деп үн қатыпты:

- Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылықтарыңның шеті де, шегі жоқ екенін, оны өтеуге менің барлық ғұмырым жетпейтінін жақсы білемін. Дегенмен, менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдыңа алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Мен, сенің маған жасаған жақсылықтарыңның барлығын өз балапандарыма жасау үшін өмір сүретін боламын.

5. Кәрі бүркіт сонда ғана көкірек кере терең дем алып:

- Біздің әулет аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық бола алар ұрпақ туылғанына көзім енді жетті, - деген екен.

1. Мәтін мазмұнына лайықты тақырып

- A) Кәрі қыран
- B) Қыран балапандары
- C) Қыран арманы
- D) Қыранның сұрағы
- E) Соңғы сынақ

2.Мәтін мазмұнына алшақ сөйлемдер

- 1.Бірінші балапанына риза болыпты.
- 2.Ата қыран балапандарына сұрақ қойыпты.
- 3.Кәрі бүркіт үшінші балапанына риза болыпты.
- 4.Балапандарына соңғы сынақ жасапты.
- A) Екінші мен үшінші
- B) Бірінші мен екінші
- C) Үшінші мен төртінші
- D) Екінші мен төртінші
- E) Бірінші мен төртінші

II нұсқа

Қойшы қарт қойларын өрістетіп, жайылымға жайған сайын дөңге жақын өскен бір алма ағашының түбіне барып дем алатын, егер жеміс піскен мезгіл болса, алма ағашымен тілдесіп: – Қане, балам, қарттың алмасын бере ғой,- дейтін. Сөйткенше болмай дәмі тіл үйіретін, исі аңқыған, балбырап піскен бір алма жерге топ ете түсетін. Қарт болса, кішкене бәкісімен әлгі алманы асықпай тілімдеп кесіп, өзімен бірге ала келген торсығындағы айранымен қоса сәл жүрек жалғағаннан кейін әкесінен қалған Құранын баппен қолға алып, жайлап оқи бастайтын.

Қойшы қарт бұл алма ағашын осыдан жиырма жыл бұрын отырғызған кезде жиі-жиі суғарып, намаз алдында беті-қолын шайған дәрет суының қалғанын да ырымдап соның түбіне төгетін. Қарт жүзін шайған сол судың шарапаты тиді ме, әйтеуір, алма ағашының тамыры тез жан алып, аз уақытта-ақ бой көтеріп, жеміс бере бастады. Қойшы қарт ол кезде жас болғандықтан, қай әдемі алмаға көзі түспесін, кішкене ғана ұмсынып қол созғаны жетіп жатыр еді. Алайда, одан бергі қаншама жыл ішінде қарттың бойы аласарып, белі бүгілді, ал алма ағашының болса, керісінше бойы барынша биіктеп, шынар ағашындай жайқалып кеткен-ді. Бірақ алма ағашы қанша жайқалып өскенімен мәпелеп өсірген баланың аты бала емес пе? Оны баласындай көретін қарт ағаш бұтақтарын алақанымен жай ғана сипап тұрып: – Қане, балам, – дейтін, – бүгінгі несібемді түсіре ғой?

Айтқанындай, көп пәлсінбестен бір алма түсуші еді. Бұл көрініс дәл осы қалпында бірнеше жылдан бері қайталанып келе жатқан-ды. Тіпті қарт сұрағанда, алманың түспей қалған бір де бір күні кездескен емес. Ауыл адамдары болса, таңғажайып бұл құбылысты сырттай бірнеше мәрте байқап, қойшы қартты «әулиеге» жорысып қойғалы қашан.

Қарт кісі ағаш көлеңкесінде аздап тынығып, намазын оқығаннан кейін әдеттегідей сол күнгі алмасын сұрады. Алайда, бір таңғаларлығы, ағаш бұтақтары жеміске толып тұрса да, қарт қолына ештеңе түспеді. Қарт өз қалауын қанша қайталағанымен бәрібір ештеңе бола қоймады. Күткені орындалмай, кірпігі мен сақалы тарам-тарам жасқа оранған қарт үнсіз ғана алыстап қойларына кетіп бара жатты.

1. Мәтін мазмұнына лайықты тақырып

- A) Налыған қарт
- B) Әулие қарт
- C) Алма ағашы
- D) Судың шарапаты
- E) Жемісті ағаш

2. Ауыл адамдарының қартты әулиеге балауының себебі

- A) Алма ағашының жайқалып өскендігінен
- B) Алма қарттың қолына өзі үзіліп түсетіндіктен
- C) Қарттың алаң ағашы түбінде намаз оқитындығынан
- D) Алма ағашының шынар ағашындай өскендігінен
- E) Қарттың алма ағашы түбінде Құран оқитындығынан

4-тапсырма. Мәтіннің идеясын анықта және сюжеті осыған ұқсас қандай шығармаларды білесің? Сол шығармадағы кейіпкермен немесе сюжетпен салыстыра талдау жасай отырып, мәтіннің идеясына баға бер.

5-тапсырма. Мәтін құрылымына назар аудар, жанрлық ерекшеліктерін анықта, көркемдегіш құралдар бойынша талдау жаса, мәтінде автордың үнін танытатын ирония, сатира сынды ұғымдар (болса) анықта. Мәтін типін, жағдайдың түрін сипатта.

25-МӘТІН. АРАЛАР

Аралар туралы мәтін. Осы және келесі бетте көрсетілген ақпарат аралар туралы булеттен алынды. Сұрақтарға жауап беру үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.

Шірне жинау

Аралар өмір сүру үшін бал жасайды. Олар үшін бұл басты тамақ. Егер омартада 60,000-ға жуық ара болса, олардың үштен бір бөлігі шірне жинайды, ал олан омартадағы аралар бал жасайды. Аралардың шағын мөлшері жинаушы немесе іздеуші ретінде жұмыс жасайды. Олар шірненің көзін іздейді, одан кейін омартасына қайтып, ол туралы басқа араларға айтады.

Жинаушылар би арқылы басқа араларға шірненің көзі орналасқан жер туралы білуге көмектеседі, сол би арқылы аралар ұшып өтетін бағыт пен қашықтықты түсінеді. Осы би кезінде аралар, 8-суретте көрсетілгендей, іштерімен бір жақтан екінші

MEGAENT – ОНЛАЙН ДАЙЫНДЫҚ ПОРТАЛЫ

1-НҮСҚА

Зайсан көлін ертеде монғолша Хуно-Хуто-Нор – «Қоңыраулы көл» деп атапты. Бұл атау алыстан көк толқынның қоңырауша сылдырлап естілуіне байланысты айтылған болар.

Зайсан көлі, әсіресе жаздыгүні өте әдемі болады. Ол жаздың тымық күнінде шексіз теңізге ұқсайды. Көл өте үлкен, жағалай біткен көк құрақ.

Құсы көп, әсіресе жазғытұрым қаз қаптап кетеді. Жұмыртқаларын қамыс құраққа салады. Қайықпен аралап жүріп қаптап алуға болатын. Қамыстарда шағала, үйрек, қаз, бірқазан, әуілдектер, суында құндыз, ондатрлар мекен етеді. Мұнда шабақ балық көп, одан кейін шортан, қарабалық, сазан, алабұға. Міне, Зайсан көлі бұрын осындай еді. (90 сөз)

1. Екінші абзацта не туралы айтылған?

А)Көлді мекендейтін жәндіктер туралы

В)Көлдегі балықтар туралы

С)Көлдің көлемі туралы

Д)Көл атауы туралы

Е)Қамысты құрақтағы құстар туралы

2. Көлдің «Қоңыраулы көл» аталуының себебі неде?

А)Көлде жүзген құс үнінің жағымдылығына байланысты.

В)Көлдің әдемілігіне байланысты

С)Көк толқындардың жылдамдығына байланысты

Д)Көлден шыққан ерекше дыбысқа байланысты

Е)Көл толқындарының бұйралығына байланысты

1.Айдостың туфлиі жыртылып қалды. Ертесі сабаққа киіп баратын туфли табыла қоймады. Ауылдағылар ауданға себепсіз бара бермейді. Әкесі жыртылған туфлиінің табанын алып, басқа табаны тозған аяқ киімге тігіп берді. Көзге қораш көрінеді. Оны қарап тұрған әкесі жоқ. «Тамаша емес пе?» деп қояды.

2.Ертесіне еріксіз әлгі аяқ киіммен мектепке барды. Галош секілді бірдеме өзі. Әшейінде партаның үстімен жүгіріп жүретін Айдос осы жолы тыныш отырды. Сұрағандарға «ауырып отырмын» дей салды. Аяғына бәрі қарап отырғандай. Партаның астына тығып әлектенді. Мұғалімдер сабақ сұрайды, бұл дайын емеспін дей салады. Олар да журналға тиісті бағаларын қонжитып жатыр. Тақтаға да шыкпады. Өзін қор санады. Тамағына өксік тығылды. 4 сабақ біткенше орнынан тапжылмай отырды.

3.Сабақ аяқталысымен мектептен жүгіре шықты. Еңіреп жылап үйге келді.Үйге кірсе, жаңа туфли әкеліп қойыпты. (113 сөз)

3. 2-бөлімде қандай жағдай туралы айтылды?

1. Айдос келеңсіз жағдайға тап болды.

2. Сыныптастарының барлығы Айдостың аяқ киіміне күлді.

2-НҰСҚА

Құмырсқа – әлемдегі ең көп тараған жәндіктің бірі. Қазақ «құмырсқадай қажырлы», «құмырсқадай құжынаған», «құмырсқадай еңбеккор» деген тіркестерді бекер айтпаған. Олардың біз білмейтін қызық қыры көп. Оны ғалымдар зерттеп, бұқараға жеткізіп отыр.

Құмырсқаларды зерттейтін ғылым – мирмекология деп аталады. Осы мирмеколог мамандардың құмырсқадай тынбай талаптанып, қайнаған тіршілікті зерттеуі нәтижесінде бізге олар туралы көптеген қызықты деректер белгілі болды. Құмырсқа жер жүзінде ең көп тараған жәндік. Әлемдегі ең құрметті мимекологтардың бірі Эдвард Уилсонның есебі бойынша, бүгін жер бетінде 10 квадриллион, яғни онның 15 дәрежесіндей құмырсқа бар екен. Жан басына шаққанда, бір адамға миллион құмырсқадан келеді, ал жалпы үлесі барлық адамның үлесіндей.

1. «Құмырсқадай құжынаған» тіркесінің мағынасына сай келмейтін қатарды көрсетіңіз.

- А)Көп, қаракұрым
- В)Қаптап кетті, қайнады
- С)Қажырлы, еңбеккор
- Д)Нөпір болды, ығы-жығы
- Е)Қайнаған, қалың

2. Мәтіннің тақырыбы қандай?

- А)Құмырсқалар еңбегі
- В)Құмырсқалар достығы
- С)Жәндіктер туралы
- Д)Мирмекологтар туралы
- Е)Құмырсқалар илеуі туралы

1. Сізге, ардақты және құрметті, жақсы көретін аяулы ініміз Халиулла мырзаға, бізден, ағаңыз Ибраһимнен және барлық ата-аналарыңыздан, аға-іні, жеңгелеріңізден көп-көп дұғай сәлемдер жолдадық.

2. Құдайға шүкір, осы күнде өзің көрген жандар тегіс аманбыз.

Сізбен бірге бізге хат жазған Қамаридден моллаға көптен-көп сәлем дегейсіз.

Сізге хат жазуға уақытын бөлген және басқа да әрбір жақсылықтары алла тағаладан қайтсын, Аягөзге келген уақытта почта жүргелі тұр екен, сіздің хаттарыңызды көрген соң, көңіліміз жай тапты және сізге жол қаржыға отыз теңге жібердім.

3. Жаңа Семейге мағлұм еткен уақытыңызда құдайтағала қаласа ат тағайындармыз. Тәтеңіз 1 білімнің қайнар бұлағын үйренгенің турасында бекқуанып жатыр. Әрқашан құдайтағалаға сиынып талап қыла көрсін дейді.

Хатыңыз тиісімен ешбір тоқтамайынша Аягөзге келіп осы хатты жаздық. Әрдайым деніңіз сау болып, абыройлы болыңыз. Ғұмырыңызды тілеп хат жазушы ағаңыз Ибраһим Құнанбайұлы деп білесіз. Тағы да көп-көп сәлем.